

УСТЕУ

Үстеу туралы түсінік



- **Үстеу** заттың әр қилы қимылы мен ісінің (**етістіктің**) әр түрлі сындық, бейнелік, мекендік, мезгілдік, шарттық, мөлшерлік және күй-жайларын және сынның белгісін білдіретін **сөз табы**. **Морфологиялық сипаттары**
- Үстеу сөздері морфологиялық құрылысы және құрамы жағынан екі топқа бөлуге болады: **негізгі үстеулер** мен **туынды үстеулер**.
- **Негізгі үстеулер**
- Негізгі үстеулер деп қазіргі кезде морфемаларға бөлшектеуге келмейтін, тек белгілі бір формада қалыптасқан сөздерді айтамыз.
- Негізгі үстеулерге келесі сөздер жатады: *әрең, азар (әзер), әдейі, жорта, қасақана, ұдайы, үнемі, дереу, шапшаң, бағана, қазір, енді, ілгері, жоғарғы, төмен, әрі, бері, кері, армен, бермен, ерте, кеше, нақ, дәл, нағыз, сәл, әнтек, тек, мейлінше, лық(а), қақ, дәйім, һаман, әншейін, тым, тіпті, өсе, аса, ең, әбден, мүлде (м), төтенше, ерекше, орасан* т. б.
- Негізгі үстеулердің мынадай үш түрлі ерекшеліктері бар:

- Негізгі үстеулердің көпшілігінен шырай категориясы жасалады. Демек, оларға **-рақ, -рек, -лау, -леу** жұрнақтары жалғанады, алдынан (бұрын) шырай туғызатын **өте, аса, тіпті, мейлінше, қабағат** сияқты күшейткіш сөздер қолданылады. Мысалы: Негізгі үстеулердің кейбіреулері қосарланып та, плеонизм жолымен қабаттаса да қолданылады. Мысалы: *құр босқа, жай босқа, текке босқа, бос бекерге, құр бекер, бекерден-бекер, бостан-босқа, тектен-тек, бостан-бос, құрдан-құр* т. б.
- Негізгі үстеулерден қосымшалар арқылы да, қосарлану арқылы да, басқа сөздермен тіркесіп те, туынды үстеулер жасала береді. Мысалы: *әрең, әрең-әрең, азар-азар, азар деп, азар-азар деп, әдейілеп, ұдайылап, әрі-бері, бұрынды-соңды, ілгері-кейін, жоғарылы-төменді, енді-енді, кейінде, кейіннен, ендігәрі* т. б.

ҮСТЕУ

*Қимылдың түрлі белгісін, мезгілін,
мекенін, себебін, мақсатын білдіреді.*

Құрамына қарай

Дара үстеу

Бір ғана
түбірден
тұрады.

Күрделі үстеу

Кемінде екі
түбірден
тұрады.

Тұлғасына қарай

Негізгі үстеу

Бөлшектеуге
кепмейтін
төл
үстеулер.

Туынды үстеу

Түбірге
жұрнақ
жалғануы
арқылы

◎ Туынды үстеулер

- ◎ Туынды үстеулер деп басқа сөз таптарынан түрлі қосымшалар арқылы, сөздердің бірігу және қосарлану, тіркесу тәсілдері арқылы, сондай-ақ, кейбір сөз тіркестерінің тұрақтануы арқылы жасалған (я үстеуге айналған) үстеулерді айтамыз.
- ◎ Құрылысы мен құрамы жағынан туынды үстеулер екі топқа бөлінеді: *'жалаң туынды үстеулер мен күрделі туынды үстеулер.*
- ◎ **Жалаң туынды үстеулер**
- ◎ Түрлі қосымшалар арқылы жасалған үстеулерді жалаң туынды үстеулер дейміз. Жалаң туынды үстеулерге жалғанатын қосымшалар екі түрлі болады: біреулері жұрнақтар арқылы жасалады да, біреулері әр түрлі жалғаулардың көнеленуі арқылы үстеуге айналды.

Күрделі үстеу

Қос сөз
Бірте - бірте, қолма - қол

Тіркес сөз
Күні бүгін, аяқ астынан

Біріккен сөз
Таңертең, қыстыгүні

○ Күрделі туынды үстеулер

- Күрделі туынды үстеулер деп екі сөзден я бірігіп, я қосарланып жасалған немесе кемі екі я онан да көп сөздерден тіркесіп тұрақтанған үстеулерді айтамыз. Осыған қарай, күрделі туынды үстеулер үш түрлі жолмен жасалады.
- Басқа сөз таптарына тән сөздер бірігудің нәтижесінде үстеулерге айналады. Ондай үстеулер мыналар: *бүгін, биыл, таңертең, жаздыгүні, қыстыгүні, әрқашан, әрдайым, екіншәрі, ендігәрі, түнеугүні, бірталай, ешқашан, әлдеқайда, бірқатар, неғұрлым, әжептәуір, бірқыдыру, әлдекімше, сөйтіп* т. б.
- Сөздердің қосарлану арқылы туған үстеулер мынадай: *әрең-әрең, енді-енді, зорға-зорға; қолма-қол, сөзбе-сөз, көзбе-көз; бет-бетімен, тоб-тобымен, лег-легімен; үсті-үстіне, алды-артына, қолды-қолына; бостан-босқа; тектен-текке, турадан-тура; күнде-күнде, жылда-жылда; сөйлей-сөйлей, көре-көре, айтып-айтып; жата-жастана; кие-жара, күліп-ойнап, аунап-қунап; бір-бірлеп, он-ондап, мың-мыңдап; бірте-бірте, біртіндеп-біртіндеп; оқтын-оқтын, оқта-текте, анда-санда; жапатармағай, тырым-тырағай* т. б.
- Жазуда бөлек таңбаланып, мағына жағынан бір сөз ретінде қолданылатын грамматикаланған және идиомаланған тұрақты тіркестер - оларды екі салаға бөлуге болады.
 - **Грамматикаланған жай тіркестер:** *күні кеше, күні бүгін, күні ілгері, ала жаздай, күндерде бір күн, ертеден қара кешке, ала сала, келе сала, айта келе, оқи келе, жаза келе, алдын ала, соңын ала, сабаққа бола, кітапқа бола* т. б.
 - **Идиомаланған тұрақты тіркестер:** *қас пен көздің арасында, аяқ астынан, түн баласында, қаннен қаперсіз, елден ала бөтен, томаға тұйық, құлан таза* т. б.

- ◎ **Үстеулердің мағыналары**
- ◎ Үстеу сөздер мағынасына қарай таптастырғанда мынадай сегіз топқа бөлінеді.
- ◎ Мезгіл үстеулер
- ◎ Мекен үстеулер
- ◎ Мөлшер үстеулері
- ◎ Сын (я бейне) үстеулері
- ◎ Күшейту (я ұлғайту) үстеулері
- ◎ Мақсат үстеулері
- ◎ Себеп-салдар үстеулері
- ◎ Топтау (я бөлу) үстеулері

○ Мезгіл үстеулер

- Мезгіл үстеуі қашан? қашаннан? деген сұраққа жауап беріп, қимылдың, іс-әрекеттің мезгілін, мерзімін, уақытын білдіреді. Мезгіл үстеуі етістікпен тіркесіп қолданылады. Мысалы: таңертеңнен (қашаннан?) кетті, жазғытұрым (қашан?) келеді, ала жаздай (қашан?) еңбектенді, күні-түні (қашан?) оқыды, т. б.

○ Мекен үстеулер

- Мекен үстеуі қимылдың, іс-әрекеттің орындалатын орнын, мекенін көрсетіп, қайда? қайдан? қалай қарай? сұрақтарына жауап береді. Мысалы: Тауға қарай (қалай қарай?) өрмелеу, алға (қайда?) жылжыды, ілгері-кейін (қайда?) қозғалды, жоғарыдан (қайдан?) түсті, т. б.

○ Сын (я бейне) үстеулері

- Сын-қимыл (бейне) үстеуі іс-әрекеттің, қимылдың амалын, тәсілін, сын-бейнесін білдіреді. Сұрақтары: қайтіп? қалайша? қалай? кімше? Мысалы: Ақырын (қалай?) жүгірді, қазша (қалайша?) қаңқылдады, бекерден-бекер (қалай?) отырма, балаша (кімше?) мәз-мейрам болды, бүркіттейін (қалайша?) шүйілді, қолма-қол (қалай?) хабарласты, т. б.

○ Мөлшер үстеулері

- Мөлшер үстеуі қанша? қаншама? қаншалық? қаншалап? деген сұрақтарға жауап береді. Мөлшер үстеуі сынның немесе қимылдың көлемдік дәрежесін, мөлшерін, шама-шарқын білдіреді. Мөлшер үстеуі етістікпен тіркесіп келгенде қимылдың шама-шарқын, мөлшерін білдіреді. Мысалы: сонша (қанша?) шаршапты, біршама (қаншама?) кешігіп қалды, недәуір (қалай?) өскен екен. Ал сонша (қанша?) биік, біршама (қанша?) алыс, недәуір (қалай?) ұзақ дегенде мөлшер үстеулер сын есімдермен тіркесіп, сынның мөлшерін, көлемін білдіреді.

○ **Күшейту (я ұлғайту) үстеулері**

- Күшейткіш үстеуі қимылдың, іс-әрекеттің, сынның сапасын, белгісін не солғындатып, не күшейтіп көрсетеді. Сұрағы: қалай? Мысалы: әбден жүдепті, керемет биледі, мүлдем қозғалта алмады. Сонымен бірге күшейткіш үстеуге сын есімнің күшейтпелі шырайын жасайтын ең (биік), өте (салмақты), аса (терең), тым (терең), кілең (жүйрік) сөздері де жатады.

○ **Мақсат үстеулері**

- Мақсат үстеуі не мақсатпен? қалай? деген сұраққа жауап беріп, іс-әрекеттің, қимылдың орындалу мақсатын білдіреді. Мысалы: әдейі айтты, қасақана кетіп қалды, жорта білмегенсіді, әдейілеп шақырды.

○ **Себеп-салдар үстеулері**

- Себеп-салдар үстеуі не себепті? қалай? неге? деген сұрақтарға жауап береді. Себеп-салдар үстеуі қимылдың, іс-әрекеттің болу себебін білдіреді. Себеп-салдар үстеуіне: құр босқа, лажсыздан, босқа, амалсыздан, бекерге, шарасыздан сөздері жатады. Бұл сөздер етістікпен тіркесіп қолданылады. Мысалы, босқа ренжіді, лажсыздан келісті, т. б.

Назарларыңызға
рахмет!!!

